



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА

9-тақырып

Цифрлы білім беру платформалары



БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна
п.ғ.д., профессор

ЖОСПАРЫ:

1) Цифрлы білім беру платформалары.

- **2) Цифрлы білім беру платформаларын пайдалану әдістемесі.**

3) Ақпараттық білім беру порталы: Kundelik.kz.

4) Педагогикалық білім беру порталы: www.smart-pedagog.kz.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:



Негізгі әдебиеттер тізімі:

- 1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ІП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.
- 2) Палфри Дж.Дети цифровой эры. – М.: Эксмо, 2011. – 368 с.
- 3) Воинова О.И., Плешаков В.А. Киберонтологический подход в образовании: Монография / Под ред. В.А.Плешакова. – Норильск: НИИ, 2012. – 244с.
- 4) Петрова Е. В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение // Современное педагогическое образование. - 2018. -№ 4. - С. 87-91.

Интернет-ресурстар:

- 1) http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html
- 2) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Цифрлы білім беру платформалары

Цифрлы білім беру платформалары – электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие үдерісін жеделдету және жеңілдету, студенттерге, педагогтерге жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру.

Цифрлы білім беру платформаларына оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті цифрлық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары жатады.

Цифрлы білім беру құралдары

Edmodo (Эдмодо)

Edmodo (Эдмодо) – оқытушылар мен білім алушыларды байланыстыратын және әлеуметтік желіге сіңісіп кеткен білім беру құралы. Бұл жағдайда оқытушылар онлайнда бірлескен топтар құра алады, оқу материалдарын басқара және қамтамасыз ете алады, білім алушылардың үлгерімін бағалай алады

Socrative (Сократтық)

Socrative (Сократтық) – оқытушыларға, білім алушыларға смартфондар, ноутбуктер немесе планшеттер мейлі мобильді құрылғылардың көмегімен шеше алатын жаттығулар немесе білім беру ойындарын жасауға мүмкіндік беретін жүйе. Оқытушылар іс-әрекеттердің нәтижелерін көре алады және соған байланысты сабақтарды жекелендіру ету үшін өзгерте алады.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Жоба(Projeqt)

Жоба (Projeqt) – интерактивті карта, сілтеме, онлайн викторина, Twitter хронологиясын және бейнелерді және басқа операцияларды ендіруге болатын динамикалық слайдтары бар мультимедиялық презентацияларды жасауға мүмкіндік беретін құрал.

Thinglink

Thinglink оқытушылар мен білім алушыларға музыка, дыбыс, мәтін және фотосуреттермен интерактивті кескіндер жасауға мүмкіндік береді. Оларды басқа веб-сайттарда немесе Twitter және Facebook сияқты әлеуметтік желілерде бөлісуге болады.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

TED-Ed

TED-Ed – оқытушылар, білім алушылар, аниматорлардың, жалпы білім мен жақсы идеяларды кеңейткісі келетін адамдардың ынтымақтастығы арқылы білім беру сабақтарын жасауға мүмкіндік беретін **білім беру платформасы**.

CK-12

CK-12 – АҚШ және әлемдегі K12 нарығы үшін академиялық кітаптардың құнын төмендетуге тырысатын веб-сайт. Мақсатына жету үшін бұл платформада өзгертуге болатын және бейнелер, аудиолар және интерактивті жаттығулар болуы мүмкін интернет арқылы оқу материалын жасауға және таратуға мүмкіндік беретін **бастапқы ашық интерфейсі бар**.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

ClassDojo

ClassDojo – бұл білім алушының мінез-құлқын жақсарту құралы: оқытушылар топтағы жақсы мінез-құлық ұпайлармен «марапатталатын» және білім алушылардың оқу үдерісіне деген көзқарасы анағұрлым жоғары болуы үшін білім алушыларға жылдам кері байланыс береді.

EduClipper

EduClipper платформасы оқытушылар мен білім алушыларға анықтамалар мен оқу материалын бөлісуге және зерттеуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында интернетте табылған ақпаратты жинап, онымен бөлісуге болады, тиімдірек басқаруға, зерттеу әдістерін жақсартуға және білім алушылардың қол жеткізген жетістіктері туралы **цифрлық жазбаға** ие болуға мүмкіндік береді.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Анимото

Animoto – қысқа уақыт ішінде және кез келген мобильді құрылғыдан жоғары сапалы бейнелер жасауға мүмкіндік беретін, білім алушыларды шабыттандыратын және академиялық сабақтарды жақсартуға көмектесетін **цифрлық құрал**.

Kahoot

Kahoot – ойындар мен сұрақтарға негізделген **білім беру платформасы**. Kahoot білім алушылардың белсенділігін арттыратын және динамикалық, әлеуметтік және көңілді білім беру ортасын құрайтын ойын негізіндегі оқытуға ықпал етеді.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

ZOOM

Zoom — бұл бейне-конференциялар, вебинарлар және басқа да осыған ұқсас **онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа**. Кездесуді тіркеулік жазба құрған кез келген адам ұйымдастыра алады. Тегін тіркеулік жазба ұзақтығы 40 минут болатын бейнеконференция өткізуге мүмкіндік береді.

SKYPE

Skype — дүние жүзімен байланыс жасауға арналған бағдарламалық қамту.

Skype көмегімен жеке және топтық дыбысық әрі тегін бейне қоңыраулар шалуға болады, сонымен қатар өзге Skype қолданушыларына мезеттік хабарламалар мен файлдар жіберуге болады.

MICROSOFT TEAMS

MICROSOFT TEAMS

Microsoft Teams – Microsoft компаниясы әзірлеген жұмыс кеңістігінде чат, кездесулер, ескертпелер мен қосымшаларды біріктіретін **корпоративтік платформа.**

Microsoft Teams мүмкіндіктері

Команда / топ құру

Командаға әкімшілік ету

- 1) Командаларды басқару
- 2) Каналдарды басқару

3) Оқу материалдарын білім алушыларға жіберу:

Файлдармен алмасу:

- 1) Файлдарды іздеу және іріктеу
- 2) Топтың жазба кітапшасын пайдалану

Командада хабарламалар алмасу:

- 1) Каналдардағы жұмыс
- 2) Электрондық пошта хабарламаларын каналға жіберу
- 3) Жазбалар құру және пішімдеу

Microsoft Teams мүмкіндіктері

Аудиоқоңыраулар:

- 1) Чаттар құру және бекіту
- 2) Қоңыраулар шалу

Жиындар (вебинарлар) өткізу:

- 1) Жиынға қосылу
- 2) Жиындарды жылдам құру
- 3) Каналда жиын жоспарлау
- 4) Жиындарды басқару
- 5) Жиын кезінде экранды көрсету

Білім алушыларға арналған тапсырмалар: жеке;

жұптық; топтық

Тапсырмалар үшін бағалар қою:

- 1)Қалыптастырушы
- 2)Жиынтық

GOOGLE MEET

MICROSOFT TEAMS

Google Meet— кез келген көлемдегі компанияға үйлесетін және бейнеконференциялар, қашықтан әңгімелесулер, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін Google Hangouts платформасының бизнеске бағытталған нұсқасы.

Google Meet мүмкіндіктері

Шектеусіз кездесулер саны:

Барлығымен – әріптестермен, білім алушылармен қаншалықты қажет, соншалықты байланыста бола алу

1) Корпоративтік іс-шараларды трансляциялауға болады

2) Кездесу кезінде хабарлама алмасуға болады

3) Кездесулерді ұйымдастырушылар үшін басқару құралы:

Кез келген қатысушы терезені бекітіп, микрофонды өшіріп немесе басқа қолданушыны шығарып жібере алады.

Google Meet мүмкіндіктері

1) Алдын-ала қарау экраны және бейне мен дыбысты теңшеу, кездесудің кодына немесе сілтемесіне басу арқылы камера мен микрофонды теңшеп, өзіңіздің экранда қалай көрінетінін қарап алуға болады.

2) Қатысушыларға экранды көрсету.

GOOGLE CLASSROOM

Google Classroom

Google Classroom – оқытуды толығымен онлайнға көшіруге мүмкіндік беретін платформа: тақырыптар бойынша сабақтар құрастыру, материалдар қосу, үй тапсырмасын беру және тексеру. Google-дың арнайы оқыту үшін ұйымдастырылған пайдалы сервистерін біріктіреді

Google Classroom мүмкіндіктері

Платформада келесі әрекеттерді жүзеге асыруға болады:

- 1) Өз тобын/курсын құру
- 2) Білім алушылардың курсқа жазылуын ұйымдастыру
- 3) Білім алушылармен қажетті оқу материалымен бөлісу
- 4) Білім алушыларға арналған тапсырмаларды ұсыну
- 5) Білім алушылардың тапсырмаларын бағалау және олардың жетістіктерін бақылап отыру
- 6) Білім алушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру

Google Classroom артықшылықтары

- 1) Қарапайым теңшеу (конфигурация)
- 2) Уақыт пен қағазды үнемделеді
- 3) Ыңғайлылық
- 4) Нәтижелі қарым-қатынас
- 5) Танымал сервистермен ықпалдастық
- 6) Қолжетімділік және қауіпсіздік

LEARNING APPS

Learning Apps

Learning Apps – интерактивті модульдер (қосымшалар, жаттығулар) арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған қосымша. Бұл онлайн-сервис модульдер құруға, оларды сақтауға және пайдалануға, педагогтер арасында еркін ақпаратты алмасуды қамтамасыз етуге, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруға (соның ішінде, жаңа модульдерді құру бойынша) мүмкіндік береді.

Learning Apps мүмкіндіктері

Таңдау – дұрыс жауапты таңдауға арналған жаттығулар;

Бөлу – сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар;

Бірізділік – дұрыс бірізділікті анықтау;

Толтыру – қажетті жерлерге дұрыс жауапты қоюды талап ететін жаттығулар;

Онлайн ойындар – білім алушы компьютермен немесе басқа білім алушылармен жарысатын **жарыс-жаттығулар**.

Learning Apps артықшылықтары

Тапсырманы құрастырып, оны бірден жариялауға немесе жеке пайдалану үшін сақтауға болады.

Дайын ресурстар тіркелмеген қолданушылар үшін де қолжетімді.

Өз білім алушылары үшін аккаунт құрып, дәл осы сайтта олардың білімін тексеру үшін өз ресурстарыңызды қолдауға болады

QUIZIZZ

QUIZIZZ

Quizizz Kahoot-ке өте ұқсас білім алушыларды бағалаудың интернет құралы болып табылады, бірақ кейбір айырмашылықтары бар.

Біріншіден, топта викторинаны іске қосқан кезде білім алушылар өз қарқынымен қозғала отырып, сұрақтарға жауап береді және басқа қатысушылардың жауап беру жылдамдығына тәуелді болмайды.

Екіншіден, Quizizz-да құрастырылған викторинаны орындауды жоспарлап қоюға болады, яғни оны үй жұмысы ретінде ұсынуға болады.

Үшіншіден, «уақыт» параметрін алып тастау мүмкіндігі бар, білім алушы өтіп бара жатқан уақыт туралы емес, берілген сұрақ төңірегінде асықпай ойлана алады және сұраққа жауап беру кезінде оқулықтың параграфын, кітаптың тарауын не болмаса қажетті ақпаратты гугл жүйесінен тауып алуға мүмкіндік береді.

QUIZIZZ мүмкіндіктері

- 1) Оқу және үйреу үдерісін қолдау; ойындар мен викториналар өткізу;
- 2) Жарыстар ұйымдастыру;
- 3) Тест жүргізу;
- 4) Үй жұмысын жүргізу;
- 5) Әр оқушының нәтижелерін бақылау; әр оқушыға автоматты түрде кері байланыс беру

WIZER.ME

Wizer.me тегін, қолдануға оңай, тапсырмалар мен жаттығулары бар, соның ішінде бейнеролик негізінде әзірленген, интерактивті жұмыс парақтарын жылдам жасауға арналған құрал.

Wizer.me қашықтан оқытуда білім алушылардың өзіндік жұмыстарын орындау, топта компьютер мен интерактивтік тақтада тиімді жұмыс істеу мақсатында интерактивті жұмыс парақтарын құрастыруға және қолдануға мүмкіндік береді.

WIZER.ME мүмкіндіктері

WIZER.ME

- 1) Ашық жауабы бар сұрақ
- 2) Жауапты таңдау мүмкіндігі бар сұрақ (балама тест)
- 3) Бейнероликке, суретке комментарий жазу
- 4) Сәйкестік тестілері, сәйкестендіру/реттілікті анықтау тапсырмалары
- 5) Кестені толтыру. мәтіндегі бос орындарды толтыру; суретке түсініктеме толтыру;
- 6) Бос орындарды толтыруды көздейтін цифрлық диктант.
- 7) Бейнероликтер мен суреттерді орналастыруға және оларға жазбалар немесе білім алушыларға арналған тапсырмаларды бекітуге болады.


«КҮНДЕЛІК» ПЛАТФОРМАСЫ

«Күнделік» платформасы


Күнделік – мұғалімдерге арналған бірыңғай электрондық білім беру ортасы. Ол білім беру ұйымдары үшін электрондық құжат айналымының мүмкіндіктерін және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары (педагогтер, ата-аналар, білім алушылар) арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың әлеуметтік желілік құралдарын біріктіреді.

«Күнделік» платформасының мүмкіндіктері

- 1) Мектептегі білім беруді жаңғырту
- 2) Озық АКТ-ны білім беру үдерісіне кіріктіру
- 3) «Педагог-оқушы-ата-ана» интерактивті қарым-қатынасты дамыту
- 4) Ақпараттық алмасудың бірыңғай ортасын енгізу
- 5) Мектеп экожүйесін құру және сол жүйеге қызмет көрсету
- 6) Қашықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету



ONLINE MEKTEP платформасы



Online Mektep платформасы

Еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушыларына арналған Типтік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген сандық контентті қамтитын

www.bilimland.kz

kz білім беру порталының жаңа модулі.

Online Mektep платформасының мүмкіндіктері

ONLINE MEKTEP платформасы арнайы әзірленген цифрлық білім беру ресурстарынан тұрады:

- 1) бейнесабақтар
- 2) деңгейлік тапсырмалар
- 3) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруды көздейтін интерактивті жаттығулар

Білім алушылардың материалды игеру деңгейі мен оқу қарқыны әртүрлі болатыны ескеріліп, оқушыға платформадағы материалдарды жеке оқуға мүмкіндік беріледі.

«DARYN.ONLINE» платформасы

«Daryn.online» платформасы

Daryn.Online — бұл кез-келген жерде, кез-келген уақытта жоғары білікті оқытушылардан оқуға мүмкіндік беретін қашықтан білім беруге арналған платформа

«Daryn.online» платформасының мүмкіндіктері


Daryn.online XXI ғасырдың білім беру платформасы

Республикамыздағы жастар ресурсын әлеуметтік жағдайы мен қашықтыққа қарамай сапалы біліммен қамтамасыз ету

Тірелу

Кіру

Платформаны жұмыс жасау инструкции



EDUS жүйесі

EDUS жүйесі


EDUS жүйесі —
электрондық мектеп
— мектептерге
арналған білім беру
платформасы.



BILIMLAND электронды білім беру порталы


Bilimland жүйесі

Bilimland – бұл бүкіл әлемдегі электронды оқыту көшбасшыларының озық тәжірибесіне негізделген цифрлы білім беру жүйесі.



EdApp мобильді оқытуды басқару жүйесі

EdApp мобильді LMS – бұл LMS корпоративті электронды оқытудың жаңа стандарты. Микро-оқытуды, интервалды қайталауды және LMS-тің басқа да көптеген мүмкіндіктерін қолдана отырып, бұл мобильді құрылғыларда оқуға мүмкіндік беретін мобильді бағдарланған жүйе, корпоративті, білім беру және басқа ортада оқытуды құрудың, таратудың және талдаудың ең тиімді және тартымды тәсілі.



ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Цифрлық білім беру технологиялары

Білім беру платформалары


Цифрлы білім беру
платформалары

Аудиториямен
интерактивтік өзара
байланыс

Бейнематериалдар

Жаппай ашық онлайн
курстар

Портфолио



ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

АКТ-инновациялар

Конструктивті әлеуметтік әрекет

Сыни ойлау

ЦИФРЛЫ САУАТТЫЛЫҚ

ҚҰРУ

- Құқықтары мен міндеттері
- Әлеуметтік сана
- Біріктіруші білім
- Пікір
- Мәселелерді шешу
- Синтез
- Қауіпсіздік

- Көкжиектің кеңеюі
- Азаматтық тәрбие
- Іздеу-ақпараттық еркіндік
- Игеру
- Креативтілік
- Желілік өзара әрекеттесу
- Модельдеу
- Шешімдер қабылдау

ТҮСІНУ

- Интернеттегі навигация дағдылары
- Ақпаратқа қол жеткізу дағдылары

- Көп мақсатты енгізу/шығару дағдылары
- Аспаптық дағдылар

ҚОЛДАНУ

- Ақпаратқа қол жеткізу
- Таралуы
- Инфрақұрылым құралдары

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Цифрлы білім беру құралдары арқылы оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесу құрылымы



Педагогикалық білім беру порталы: www.smart-pedagog.kz

www.smart-pedagog.kz
порталы

Педагогикалық білім беру порталы www.smart-pedagog.kz – бұл қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін барлық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін зияткерлік инновациялық виртуалды білім беру платформасы.



www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының 7 онлайн-педагогикалық ресурсы



1

• Smart- онлайн педагогикалық шеберхана

2

• Smart- онлайн педагогикалық студия

3

• Smart-онлайн әдістемелік қоржын

4

• Smart-онлайн коучинг

5

• Smart-онлайн коворкинг-орталық

6

• Smart - онлайн виртуалды зертхана


7

• Smart -онлайн цифрлы контент


www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының басты беті

Педагогикалық білім беру порталында 6 блог топтастырылған:

- 1-Басты бет.
- 2-Жаңалықтар.
- 3-Біз туралы.
- 4-Жоба туралы.
- 5-Медиа.
- 6- Онлайн кафедра (ШМПУ).



Педагогикалық білім беру порталы АР09259497
«Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» халықаралық жобасы аясында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Дулати университеті) мен Ресейдің Шадринск мемлекеттік педагогикалық университет (ШМПУ) инновациялық ынтымақтастығының негізінде құрылды.




www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

www.smart-pedagog.kz порталы

Педагогикалық білім беру порталының басты бетінде «Медиа» блогы орналастырылған. Педагогикалық білім беру порталының «Медиа» блогы 2 бөліктен тұрады: видеогалерея; фотогалерея.


Педагогикалық білім беру порталы «Медиа» блогының «Видеогалерея» бөлігінде «Педагогика» пәнінен 12 видеосабак ұсынылады.



www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

www.smart-pedagog.kz порталы

**Педагогикалық
білім беру
порталы
«Медиа»
блогының
«Фотогалерея»
бөлігі**



www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

**SMART-онлайн
педагогикалық шеберхана**

SMART-онлайн педагогикалық шеберхана – мұнда болашақ педагогтер Қазақстан, Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің бейнесабақтарын көру, талдау, педагогикалық практика кезеңінде сынақтан өткізу нәтижесінде педагогикалық мамандықтың қыр-сыры мен таңғажайып құпияларымен танысады; қашықтықтан оқыту бойынша сабақтар әзірлейді және т.б.

**SMART -онлайн
педагогикалық студия**

SMART -онлайн педагогикалық студия – мұнда болашақ педагогтер өздерінің алғашқы инновациялық онлайн сабақтарын бейнетаспаға жазуға қажетті білім, білік, дағдыларды алады; алғашқы бейнесабақтарын жасап үйренеді, дайындайды.

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

**SMART-онлайн
әдістемелік қоржын**

SMART-онлайн әдістемелік қоржын — smart-болашақ педагог Қазақстан мен Ресей және басқа да алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің жаңашыл педагогтерінің алдыңғы қатарлы инновациялық педагогикалық тәжірибелерін үйрену, қолдану, тарату бойынша қажетті **IT-құзыреттіліктерді меңгереді**

**SMART-онлайн
коучинг**

SMART-онлайн коучинг — мұнда болашақ педагогтер педагогика, киберпедагогика, медиапедагогика, цифрлы педагогиканың көкейкесті проблемалары бойынша педагогикалық коучинг, тренингтерді өткізу бойынша қажетті құзыреттіліктерді меңгереді.

**SMART-онлайн виртуалды
зертхана**

**SMART-онлайн виртуалды
зертхана** — болашақ
педагогтер кейбір зертханалық
жұмыстарды виртуалды
зертханаларда жүргізеді.

**SMART-онлайн
цифрлы контент**

**SMART-онлайн цифрлы
контент** — smart-болашақ
педагог өз пәні бойынша
электронды контент
өзірлейді.

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

SMART-онлайн коворкинг-орталық


SMART-онлайн коворкинг-орталық – креативті педагогтер мен болашақ педагогтердің **ашық алаңы**; білім беру стартап-жобалар жасайтын педагогикалық хакатон, өз тәжірибелері және өз идеяларымен бөлісетін креативті болашақ педагогтердің симуляциялық орталығы; мұнда smart-болашақ педагог педагогика, киберпедагогика, медиапедагогика, цифрлы педагогиканың көкейкесті проблемалары бойынша инновациялық зерттеулер мен ғылыми жобаларды жүргізуге қатысты креативті құзыреттіліктерді меңгереді.

www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

www.smart-pedagog.kz порталы

Педагогикалық білім беру порталында «Smart-болашақ педагог» онлайн тест және онлайн-сауалнаманың веб версиясына және мобильді қосымшасына шығуға болады.


«Smart-болашақ педагог онлайн-сауалнамасында 10 сауалнама ұсынылады, батырманы қайта басу арқылы тілді таңдауға мүмкіндік бар.



www.smart-pedagog.kz педагогикалық білім беру порталы

www.smart-pedagog.kz порталы

Басты беттің сол жақта «Іздеу» торкөзі орналасқан. Ізделінетін кез келген ақпараттың тірек сөздерін жазу арқылы қажетті ақпаратты іздеп табуға болады.



**НАЗАР САЛЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**



SMART
pedagog

